

Е.Мырзахметов шығармада Балуан Шолақтың әйеліне ерекше тоқталады. Оны Сабырдың ойы арқылы көреміз. Сабыр осы үйге қайыршы боп келген кезде, Қаныкейдің күйеуін еш сөзсіз бірден түсіне қоятынын, бар қимылын баппен жасайтынына еріксіз сүсінеді. Сабыр балуанның әйелі Қаныкейді көріп, оның әрекеттеріне қарап, оны іштей Ғалиямен салыстырады. Оның бірден Ғалияны еске алуы жай емес еді. Өйткені Ғалия өнерпаздың ғашығы еді. Ел арасында екеуінің аты бірге аталады. Балуан мен Ғалия қымыз саудасы кезінде танысып, бірін-бірі ұнатып қалады. Бірақ Ғалияның атастырылып қойған жігіті болғандықтан, ел ішіндегі келіспеушіліктің кесірінен екі жас қосыла алмайды. Сондағы өнерпаздың шырқаған әндері «Ғалиябану», «Ғалия» болды.

Сабырдың Қаныкей мен Ғалияны салыстыруы осыдан еді. Ол Қаныкейдің әр істеген ісін көріп, бұны Ғалия қалай жасар еді, Ғалия екеуінің қайсысының өресі биік шығар еді деп те ойланады. Бірақ ол Қаныкейдің ақылдылығын, үй шаруасына икемділігін ұнатып, Балуанға одан артық жардың жоқ екенін мойындайды.

С.Мұқановтың шығармасында да Ғалияны көреміз. Мұнда Балуан мен Ғалияның махаббаты, оқиғасы толықтай ашылған. Шығарма соңында Балуан Ғалиямен қоштасып, Балқаштың қасына барып, өмірінің соңғы кездерін сол үйде өткізетіндігі жайында жазылады. Е.Мырзахметов шығармасында Балуан өмірінің тек соңғы кезеңдерін қамтығандықтан, оны әйелі Қаныкеймен бірге баяндайды. Бірақ арасында Сабырдың ойы арқылы оқырманға Ғалияның да оқиғасын еске түсіртіп отырады.

Алайда екі шығарма арасындағы айырмашылық - Нұрмағамбет пен Ғалияның қосылып, қосылмауында. С.Мұқанов екеуін қосылды, тек өмірінің соңғы жылдары Балуанның амандығы үшін бөлек тұрды деп жазса, Е.Мырзахметов повесінде екеуінің бір-бірін қатты ұнатқанымен, қосыла алмағандығы баяндалады. Алпауыт күш иесінің өмірін, шығармашылығын зерттеп жүрген зерттеушілердің пікіріне сенетін болсақ, Е.Мырзахметовтың жазғаны шындыққа жанасымды.

Балуан Шолақтың өмірден қай жылы өткеніне байланысты екі түрлі пікір бар. Бірі - 1916 жыл, екіншісі - 1919 жыл. «Балуан Шолақ» повесінде оны 1916 жылы Дәуқараның бұйрығымен атылып қайтыс болды делінген. «Көгалдайдың көкшақпағы» повесінде оған 1916 жылы қастандық жасалып, оқ атылғанын, сол оқтың ішінде қалып қойғандықтан 1919 жылы дүниеден озғаны баяндалады.

Жоғарыда келтірілген ақпараттарға қарап, Е.Мырзахметовтың Балуан Шолақ жайлы деректер жинап, шығармаға барынша нақты деректерді енгізуге тырысқанын байқаймыз. Нұрмағамбет Баймағамбетұлының өмірін зерттеуші ғалымдардың қорытындыларын оқи отырып, Е.Мырзахметовтың шығармасының барынша шынайы жазылғандығын көреміз. Бұл повесть Балуан туралы әлі шешілмеген екіжақтылықты бір жақты етуге, оқырманға барынша дұрыс ақпаратты беруге ұмтылатындығын аңғарамыз.

Е.Мырзахметовтың «Көгалдайдың көкшақпағы» повесі - көркемдігі жағынан да, тарихылығы жағынан да қазақ әдебиетінде ерекше орын алатын туынды.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Мырзахметұлы Е. Көгалдайдың көкшақпағы. Көкшетау, 2008. - 416 б.
2. Мұқанов С. Балуан Шолақ. Алматы: «Өнер», 1980.

ӘОЖ 82.9(5Қаз)

#### **ТЫНЫШТЫҚБЕК ӘБДІКӘКІМҰЛЫНЫҢ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ФУТУРИЗМНІҢ БЕЛГІЛЕРІ ( ФУТУРИСТІК «ЗАУМЬ»)**

**Смағұлов Бекзат Болатжанұлы**  
[smagulovbekzat@mail.ru](mailto:smagulovbekzat@mail.ru)

Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің 1 курс докторанты  
Ғылыми жетекші – ф.ғ.к. доцент Р. Әбілхамитқызы

Орыс футуризмi Ресейде ғана емес, әлемде авангард деп аталған үлкен ағымның барлық нышандарын өзіне қамтыған қозғалыс. Авангард деген сөз француздың әскери терминалогиясынан алынған «алдыңғы шептегі қорғаушы» мағынасын береді. Бұл дегеніміз ескірген, академиялық, консервативті, жиырмасыншы ғасырдың басындағы жаһандық жаңалықтарды сiңiруге қабiлетсiз классикаға қарсы қойылған алапат ағын болатын. Эволюциялық дамудан революциялық сарынға бас ұратын. Авангардтық өнердің басты негiзгi қозғаушы күшi жаңашылдық едi. Футуристердiң жаңашылдыққа ұмтылысы, жаңа формаларды табу iзденiсi көптеген ұйымдардың өзара қақтығысына әрi жаңалыққа iлесе алмаудың арқасында сол ұйымдардың жойылуына әкеп соқты. Футуристердiң дәстүрмен күресi надандық, топастықпен ұмтылған даңғой ұрыс емес, керiсiнше футуристер өткенiн де, классиктердi, жалпы еуропалық әдеби үрдiс тарихына сауатты қараған, бiлiмдар адамдардың iзденiмпаздығы едi. Символистердiң жалғастырушылары болып табылатын футуристер, символистердi зерттеп қана қоймай поэтикасы мен этикасын одан әрi жетiлдiрiп футуристик әдебиетте қолдануға тырысты. Футуристер сөз арқылы уақытпен жарысқа түстi. Сол кездегi Эйнштейннiң танымал «уақыттың шарттылығы» теориясын футуристер сөзде пайдаланып, архаизмдер мен анахронизмдердi уақытты керi қайтару секiлдi үрдiстi Хлебниковтың өлеңдерiндегi палиндромдар, Маяковскийдiң керi ұйқастары секiлдi эксперименттер жасалды. Футуристер табиғатқа жақындай түстi, жаңбырдың тырсылынан ұйқас құрап, күннiң нұрынан сөздерi қуат алатындай метафоралық әлемнiң есiгiн айқара ашты.

Жиырмасыншы ғасырда әлемдiк тарихтың қозғалысын күрт жеделдеткен, мыңжылдықтарға созылған баяу эволюциялық адымдардан революциялық шалт серпiнге ұластырған техникалық жетiстiктер тудырған авангардтық әдебиеттiң жаңалықтарын қазiргi уақытқа дейiн ақындар мен суретшiлер өз шығармашылық лабораториясында жемiстi қолданып келедi.

Сол авангардтың ағынның, асау толқынының бiрi футуризмдiк поэтика екенi белгiлi. Футуризм поэтикасының белгiлерi: Көзге оттай басылатын эпатаждылық, туындыдағы аяқталмаған ой мен сөздiң оқырманға бағытталған диалог, (яғни шығарма идеясының аяқтау жұмысын оқырманға ұсыну), жаңа сөздi фонетикалық ауыстырулар мен морфемалық түбiрдi негiзге ала отырып семантикалық жаңаша мән үстеулер құрау, сонымен қатар орыс футуристерi өз бағыттарының негiзгi қағидасы деп бiлетiн «заумь» сөздердi қолдану.

Заумь дегенiмiз сөздiң толықтай немесе бөлшектi түрде табиғи қалыбынан алшақтаған жаңаша сөз. Бұл тәсiлдi мағынадан мүлдем алшақтап кету деп қарастыруға болмайды. Алайда заумьдiк тiлде жасырылған мағынаны толықтай ашу қиын кей жағдайда мүмкiн емес және эмоционалды түйсiктiк дәрежеде түсiнуге болатын тiл. Американдық филолог Джераль Янечек бұл тiлдi белгiсiз мағынадағы тiл ретiнде түсiндiредi.

Джераль Янечек заумьдiк тiлдi төрт түрге бөлiп қарастырады:

Фонетикалық заумь: әрiптердiң бiрiгуi таныс емес морфемалар болып құралады;

Морфологиялық заумь: тiлдегi морфемалардың қосындысы (түбiр мен жұрнақтардың) белгiлi жағдайда мағынасыз болады;

Синтаксистiк заумь: грамматикалық түрде дұрыс қалыптасқан сөздер сөйлемде бiр бiрiмен қабыспауы себебiнен түсiнiксiздiкке бой алдырады;

Супрасинтаксистік заумь: формалды құрылымның граматикалық деңгей дұрыс қолданылғаныменен, сөз мағыналарының өзара байланысы кезінде әңгіме не туралы болып отырғаны түсініксіз болады.

Заумьдік тілдің қалыптасуы жиырмамыншы ғасырдың бас кезіндегі футуристерге тән әдеби тәсіл дегенімен, бұл үрдіс ежелден бері халық фольклорында, дуа сөздерде, бақсы балгерлерлердің түсініксіз дыбыстауларында кездеседі. [5].

Заумьнің поэзиядағы қолданысқа енгізген футурист ақындар А. Крученных, В. Хлебников, В. Гнедов енгізді. 1913 жылы «Помада» атты авторлық жинақта жарық көрген Крученныхның «дыр бул щыл» атты шумағында заумьдік сөздерді қолданады.

Ғалым А. Крусановтың айтуы бойынша «футуристер сөздің жаңаруын қалады. Алайда тілді жаңарту үшін сөздік қорды жаңа сөздермен жаңғырту қажеттілігі туындады» - дейді.

Жоғарыда аталған футуризмге тән белгілер танымал ақын Тыныштықбек Әбдікәкімұлының поэзиясының өн бойынан табуға болады.

Мысалы ақынның «Ақ таңмын» атты өлеңінен бірігу арқылы жасалған жаңа сөздерді байқауға болады:

«Талтүспін.//жанымның мазасын алғыш мұң//Заман мынау, ауызкесел, бұткесел//Бақ пен Сордың құпиясын ұқпас ел» [4:48].,- дейді ақын.

Бұл шумақта «ауызкесел», «бұткесел» секілді кесел атты абстрактілі ұғымды зат есімдермен байланыстырады. Бір қарағаннан оқырманға түсінікті әрі ұғынықты болғанымен, бір қырынан бұл жаңа сөздердің өзі жаңа әрі дара түсінік вакумын құрастырып отыр.

Осы секілді В. Маяковскийдің поэзиясында «овазился», «поэтино», «обобившись» деген етістіктер мен Хлебниковтың туындыларындағы «чингисхань», «времири», «мечтежник» немесе И. Северянин шығармаларындағы «зеркалозеро», «поэза», «повсеградно оэкранен» іспетті заумьдер кездеседі. Футуризмдегі осы тәсіл өлеңге жаңаша леп, ерекше мағыналық дәм береді.

Сондай-ақ ақын «Әр сөзіңе жаратылған періштелер демінен» өлеңінде:

«Күнге Кійең кісінеген, Түз-Қамбар

Сені де – құртып тынбақшы қожасынған дұшпандар» [4:34]. - дейді.

Мұндағы «Кійе», «Түз - Қамбар» атты ұғымдар ақынның жеке ой танымының көрінісінен туындаған образдар. Бұл Тыныштықбек Әбдікәкімұлының «аңқымасы» туралы жазған метафизикалық ой-толғамынан туындаған сөздер.

Сол секілді келесі бір өлеңінде ақын :

«Дәстүрден де түк қоймай жалмады Ақыл//Әр Ой, әр сөз меншікшіл сарнакәпір» - дейді.

Мұндағы «Сарнакәпір» сөзінің «сарнау + кәпір» сөзі сарнай беретін кәпір адам бейнесіндегі образ болуы ықтимал.

Сонымен қатар футуристер сөздің ішінара әріптерді өзгерту арқылы жаңаша мән-мағынаға жеткен екен. Мысалы В. Хлебниковта: «бобр-бобр, обезлесили-обезлисели-обезлосели» секілді сөз ішінара өзгерістерге ұшырайды. В. Хлебников өз ғылыми ізденістерінде мынадай тұжырымға келеді:

«Минимальной неделимой смысловой единицей языка является не морфема, а звук, прежде всего начальный согласный – «корневой» по своей функции, чей исходный смысл корректируется остальными звуками слова». Ғалымның пікірінше: «Ч – оболочка. Поверхность, пустая внутри, налитая или обнимающая другой объем. Череп, чаша, чара, чулок, чрен, чоботы, черевика, черепаха, чехол, чахотка» [2:352].

Осы тұрғыдан қарастырсақ Тыныштықбек ақынның мына өлеңінде «көлкін» сөзін жоғарыдағы мысал қалыбына түсіруге болады.

«Толеранттылық көлкін у

Халықтың Тілін өлтіру

Бәрі – ақша үшін?» [4:65].

Осы мысалдағы «көлкін» сөзі қазақтың сөз қолданысында кезікпейді. Алайда осы сөзбен түбірлес, «к» әрпінен басталатын мәндес сөздерді анықтап көрсек: «көлтектеу, көлгірсу, көнбіс, көнімді, көнімпаз,көңтері» сөздері жалпы «көлкін» сөзінің мағынасына жақындайды деген пікірдеміз.

Орыстың авангардтық қозғалысының қалыптасуына италияндық футуристердің манифестері көп әсер етті. Шыға салысымен Ресейге кең таралып отырды. Бұл манифестер Маринеттиге ғана қатысты емес. Сонымен қатар 1910 -1913 жылдар арасында «Апполон» газетінде итальяндық ақын-футурист Паоло Буццидің жариялаған хаттары да болатын. Футуризмнің еуропадағы аухалы туралы Илья Зданевич Мәскеу мен Петербург қалаларында лекциялар оқитын. Футуристік поэтиканың негізгі сипаттамасын көрсеткен Маринеттидің алғашқы екі манифесті бар. Бірі «Техническому манифесту футуристической литературы» (1912 жылғы мамыр) болса, бірі «Беспроволочное изображение и слова на свободе» (1913 жылғы мамыр). Маринетти манифестерінде тыныс белгілерінен арылу, сапалы сын есімдер мен орфографияны қолданбау және барлық дәстүрлі поэзияның жүйесінен алшақтау болатын. Бұл ойлар италиялық футурист ақындар Маринеттидің, А. Плацескидің, П. Буццидің тәжірибесінен көрініс тапты.Орыс футуризмi аталған ойларды «Садок судей» жинағында айқын білдірді.

Сонымен Маринеттидің және Крученныхның футуризм бағытында жазылған шығармаларынан үзінді келтіріп, салыстырайық:

Маринетти жазу барысында «создания сжатой цепи образов или аналогии» дей келе соғыс барысындағы уақытты былай бедерлейді:

«Полдень  $\frac{3}{4}$  флейты визг смятение тумтум тревога гаргареш треск хрустенъе марш звяканье мешки ружья сабо гвозди пушки гривы колеса фуры еврей олады ...» [1:115]. - дейді.

Ал Хлебников өзінің 1922 жазылған «Зангези» шығармасына мынадай түсінік береді:

«Эль — остановка падения, или вообще движения, плоскостью, поперечной падающей точке (лодка, летать). <...> Пэ — беглое удаление одной точки прочь от другой, и отсюда для многих точек, точечного множества, рост объёма (пламя, пар). <...> Ха — преграда плоскости между одной точкой и другой, движущейся к ней (хижина, хата)» [5].

Осы іспеттес Тыныштықбек Әбдікәкімұлы өзінің «Қас Сақ аңқымасы» кітабында дәл осындай заумьдерге түсінік беріп отырады:

«Қош Естер я Қош Йістер (Йіс: приятных запах, аромат) Көк таңыраға <...> Ес Йелеріне Аңқыл Қассақ осылайша аңқылдай жөнеледі» [3:78]. - дейді.

Ақынның түсіндіруінше: «аңқыл (славян бауырлар тіліндегі нұсқасы - ангел) періште. Йіс – жағымды иіс. Таң ыра – тәңір құдай. Қорытындысында «Өзтаным дегеніміз - Сөзтаным» деген тұжырымға келеді. [3:56].

Байқағанымыздай ақынның прозасында әрі поэзиясында көбінесе фонетикалық және морфологиялық заумьдер жиі қолданылады.

Ақын бір өлеңінде:

«Көктің Сыры көзінен ағылатын //Шаңыра тұр төбеңде, Шаңыра тұр!//Отыз екі Нұрымен,//Шексіздікті//Оңай сөйлеп береді Таңыра-Тіл!.. »- дейді.

Мұндағы «Шаңыра – «шыңырау» түрінде тұйық етістіктеніп нұрған сөздің негізі.

Жоғарыда айтылған ойларды тұжырымдай келе Тыныштықбек Әбдікәкімұлының шығармашылығы заумьдерге бай екенін аңғардық. Оның шығармалары жаңа тыныстағы футуризм десек, қателеспейміз. Футуристерді «поэты - экспериментаторы» деп те атаған екен. Осылайша, Тыныштықбек ақын да поэзиясында біршама футуристік тәжірибелерге баратынына көз жеткіздік.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. В.В Поляков. Книги русского кубофутуризма. М.:Гилея, 2007.-551 с.
2. История русской литературы XX век, ООО «Дрофа», 2007.-619 с.
3. Әбдікәкімұлы Т. Қас Сақ Аңқымасы: Өзтаным лұғаты, Астана: «Елорда», 2001-192 б.
4. Әбдікәкімұлы Т. Бесінші маусым жұпары, Алматы, Атамұра, 2007.-312 б.
5. [https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%97%D0%B0%D1%83%D0%BC%D1%8C#cite\\_note-4](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%97%D0%B0%D1%83%D0%BC%D1%8C#cite_note-4)

ӨОЖ 1751

### ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АНАДОЛЫ ТҮРІКТЕРІ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ ҮНДЕСТІК

#### Тілекбергенқызы Айнамкөз

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының  
4-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – PhD доктор Г.Сағынадин

Ертегілер – ұрпақтан ұрпаққа берілетін баяндаудың ең әдемі жанрларының бірі. Халықтың салт-дәстүрінен, ауыз әдебиетінен хабар береді. Сондықтан да ертегілер белгілі бір мәдениет мұрасы болып табылады. Ертегілер өзі шыққан қоғамның әлеуметтік, психологиялық және онтологиялық ерекшеліктерін бейнелейді. Ертегілерде салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптар мен нанымдарды, қоғамның әлеуметтік, мәдени, экономикалық құрылымдарын бейнелейтін көптеген мағлұматтар бар. Ертегілер – ол қиялдан туған суреттер мен оқиғаларды өзара қарым-қатынаста көркем әдеби түрде жандандырады. Патшалар, сұлтандар, сиқыршылар, уәзірлер мен ханшайымдар сияқты көптеген кейіпкерлерді ортаға шығару арқылы негізгі тақырыпта «жақсылық пен жамандықты» бейнелейтін қарама-қарсы кейіпкерлерді, қиял бейнелерін ашады, ал жануарларға адам бойындағы қасиеттер мен ерекшеліктерді жүктейді. Екінші бір жағынан, құбыжықтар, жын-перілер, айдаһарлар, періштелер мен сиқыршылар сияқты шынайы өмірде көрінбейтін қорқынышты бейнелерді қолдана отырып, оқырманға қорқыныш сезімін бастан кешіртеді. Сонымен қатар кеңістік пен уақыт тұрғысынан бару және көру мүмкін емес елдерді, әлемдерді баяндай отырып, шындықтан тыс кеңістікті ұсынады. «Ертегілердің өзіндік ерекше «айқын, түсінікті және еркін» баяндау тілі бар, оны әр ұрпақ түсіне алады. Бұл әңгіме тілі рифмалармен және дилеммалармен безендірілген. Ертегі әңгімелерінде қиялдағы кейіпкерлер экстравагантты сын есімдермен бейнеленген, бұл тыңдаушының назарын арттырады. Қабылдау кейіпкерлердің сипаттамаларында өкілдік ұқсастықтарды қолдану арқылы күшейтіледі. Ертегілердегі «ол арыстандар сияқты мықты жігіт еді» және «ол дауыл сияқты жылқыларымен бірге келді» деген тіркестер табиғат пен жануарлар әлеміне сілтеме жасай отырып, бейнені жандандырады.»[1].

Ғалым Ахмет Байтұрсынұлы ертегіге былай деп анықтама берген: *«Ертегі. Ертегі қиялмен қисынын келтіріп қызықты ету сияқты мақсатпен шығарған әңгімелер.»* [2]. Ал қазақ ертегітану ғылымының негізін қалаушы Мұхтар Омарханұлының ертегіге берген анықтамасы мынадай: *«Ертегі деп баяғы замандағы елдің көз қарасын білдіретін я сол көз қарастың белгілі ізін көрсететін, онан соң белгілі елдің салтын білдіріп, арнаулы үлгі айтатын, жамандықты жерлеп, жақсылықты көтеріп айтқан, ойдан шығарған көтерме әңгімені айтады.»* [3]. Сейіт Қасқабасов «Таңдамалы» жинағының I-томы, «Қазақтың халық прозасы» атты бөлімінде ертегіге былай деп анықтама береді: «Ертегі жанры – аңыздық прозаның дамыған, көркемделген түрі, яғни көркем проза. Ертегі функциясының ең басты мақсаты – сюжетті барынша ғажайыпты